**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 7 тамыздағы N 883 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2003 жылғы 24 қаңтар N 87. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.07.21. N 697 (алғаш рет ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру шаралары туралы" 2002 жылғы 28 тамыздағы N 931 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанынан Шағын және орта бизнес мәселелері жөніндегі комиссия құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 7 тамыздағы N 883 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 1-қосымша қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Шағын және орта бизнес мәселелері жөніндегі комиссия туралы ережеде:

6-тармақ алынып тасталсын;

7-тармақта "Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігіне" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Шағын бизнесті қолдау жөніндегі комитетіне" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 24 қаңтардағы N 87 қаулысына қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2002 жылғы 7 тамыздағы
N 883 қаулысына
1-қосымша

**Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Шағын және орта бизнес мәселелері жөніндегі комиссияның құрамы**

Мәсімов Кәрім Қажымқанұлы - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары, төраға
Есенбаев Мәжит Төлеубекұлы - Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрі
Нығматулин Нұрлан Зайроллаұлы - Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар вице-министрі
Рахметов Нұрлан Құсайынұлы - Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі
Исаев Батырхан Арысбекұлы - Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау вице-министрі
Елекеев Ирак Қасымұлы - Қазақстан Республикасының Әділет вице-министрі
Әділбеков Дәурен Закенұлы - Ақмола облысы әкімінің орынбасары
Әбсәтіров Кеңес Ғарапұлы - Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі Шағын бизнесті қолдау жөніндегі комитетінің төрағасы
Нәубетова Рашида Аронқызы - Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Отбасы және әйелдер істері жөніндегі ұлттық комиссия хатшылығының сектор меңгерушісі (келісім бойынша)
Абт Николай Викторович - Қарағанды облысы кәсіпкерлері қауымдастығының президенті (келісім бойынша)
Бекқожиева Әлия Байжанқызы - Атырау облысы кәсіпкерлері қауымдастығының президенті (келісім бойынша)

Дүйсембаев Бақытриза Құлықбайұлы - Павлодар облыстық "Бизнес" қауымдастығының президенті (келісім бойынша)

Казанцев Павел Олегович - Астана қаласы кәсіпкерлер құқықтарын қорғау жөніндегі қауымдастығының президенті (келісім бойынша)

Құрманғазин Есмұқан Ақнаурызұлы - "Көкжар" агроөнеркәсіптік тауар-шикізат биржасы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің президенті, Ақтөбе облысы (келісім бойынша)

Махмұтова Шолпан Жұматайқызы - Батыс Қазақстан облыстық "Шағын бизнес орталығы" қауымдастығының директоры (келісім бойынша)

Оқаев Ермек Қабиұлы - Қазақстан кәсіпкерлері форумы кеңесінің төрағасы (келісім бойынша)

Райымов Ерлан Қаниұлы - Қызылорда облысы кәсіпкерлері қауымдастығының президенті (келісім бойынша)

Ямбаев Виктор Вениаминович - Алматы қаласы кәсіпкерлері қауымдастығының вице-президенті (келісім бойынша)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК